

ӨМІРШЕҢ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ақадыр кенті әкімдігінің ұйымдастыруымен ZOOM бағдарламасы арқылы 2021 жылдың 24-інші ақпанда жергілікті қоғамдастықтың жиналысы өтті. Жиналысты кент әкімі Д.Кәрсембаев ашып, жүргізіп отырды. Жиында Шет аудандық мәслихатының XXXIV сессиясының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы 44/416 «2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешімі бойынша «Ақадыр кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің атқаруына 2021 жылға жергілікті бюджетке бөлінген қаражаттар туралы кент әкімдігінің бас маман-есепшісі А.Каппасованың баяндамасы тыңдалып, бюджетке 2021 жылға берілген қаражаттардың әртүрлі салалар бойынша бөлінуі қоғамдастық мүшелеріне таныстырылды.

Баяндамашының цифрлы мәліметтеріне сүйенсек, әртүрлі салаларға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы 706 млн. 334 мың теңгені құрайды. Жиналыста қоғамдастық мүшелері

Н.Құлжанбеков, Н.Туғанбаевтар сөз алып, кенттегі мәселелерді алға тартты. Аталған ақсақалдардың пікірінше, кентке кіреберістегі арқа және айналма жолдағы стелланы заманауи үлгіде қайтадан жасау жөн және кенттің бас жолдарына «Сергек» камерасы орнатылса, көшеде төртіп орнайды, бұл өз кезегінде құқық бұзушылықтар орын алса, айыппұлдар есебінен жергілікті бюджетке қаражат құйылады. Осылай деп ұсыныстарын білдірген ақсақалдар, онлайн жиналысқа қатысушы қоғамдастық мүшелері, әсіресе, «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы бойынша бөлінген қаражатқа қуаныштарын білдірді. Ағымдағы жылы кентімізде ауқымды жұмыстар атқарылатындығы баршамызды қуантты.

Р.ЕСІМҒАЛИЕВА,
Ақадыр кенті әкімі
аппаратының бас маманы.

2021 жылдың 25 ақпанында Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы онлайн түрде өткізілді. Отырысты Қоғамдық кеңестің төрағасы Ә.Смағұлұлы ашып, жүргізіп отырды.

Қоғамдық кеңес мүшелерінен басқа, бұл отырысқа Қоғамдық кеңестің төралқа мүшелері, кейбір мекеме басшылары шақырылған.

Сонымен қатар аудандық мәслихаттың хатшысы Б.Төлеуқұлов қатысып отырды.

Шет ауданының Қоғамдық кеңесінің қарауына «Аудан бойынша жастар саясатын жүзеге асыруда атқарылып жатқан жұмыстар мен алда тұрған міндеттер туралы» мәселе ұсынылды.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша Шет ауданының жастар ресурстық орталығының директоры Қалижан Қадырет Ниязұлы 2020 жылды мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Еріктілер» жылы деп жариялауына байланысты, аудан жастарының белсенділік

танытуының арқасында аудан көлемінде 450 ерікті жастардан тұратын 35 топ құрылып, бірқатар елеулі жұмыстар атқарылғандығы жайлы және жыл басынан «12 айда 12 жақсылық» акциясы, айына 2 мәрте «Ардағым-Ардагерім» акциясы өткізіліп, акция аясында зейнет жасындағы адамдарға, жалғыз басты аналарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік көмек көрсетіліп отырғандығы жөнінде хабарлама жасады.

Сонымен қатар, Қарағанды облысы бойынша ауылдық жерлердегі орта мектептердің жоғары сынып оқушыларына ҰБТ-ға дайындық, ағылшын тілін, компьютерлік және құқықтық сауаттылықты оқытуға волонтерлік көмек көрсету бойынша “Birgemiz Bilim” жалпы ұлттық жобасы жүзеге асырылып, аталмыш жоба барысында белсенділік танытқан 9 оқушыға “Алғыс хаттар” мен планшеттер салтанатты түрде табысталғандығы туралы, мәдени-тарихи мұраны сақтауға бағыттал-

ған “Асыл-мұра” бағдарламасы аясында Шет ауданының тумалары, 100 жастан асқан Ұлы Отан соғысының ардагерлері Мұқан Ақажанұлы және Жұматай Құтжанұлы аталарымызға арналған, өмірбаяны және өткен өміріндегі тарихи оқиғалары туралы видеоролик жасалып отбастарына табысталғанын айта кетті.

Қоғамдық кеңестің отырысында Қоғамдық кеңестің мүшелері Г.Ахметова, А.Әбілдин, Б.Байкубеков, О.Сейілбеков, С.Жосалбай және аудандық мәслихаттың хатшысы Б.Төлеуқұлов ұсыныс-пікірлерін білдіріп, Қоғамдық кеңесте қаралған мәселелер назарға алынып, айтылған ұсыныс-пікірлер ескеріліп, шешім қабылданды.

Қоғамдық кеңестің төрағасы Ә.Смағұлұлы отырыс жұмысын қорытындылады.

Өз тілшімізден.